

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ РЕВИЗОРЫ – ӨТЕ ЖАУАПТЫ ЖҰМЫС. БҰЛ ОДАН БАҚЫЛАУ МЕН ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫ, ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН БҰЗУДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖӘНЕ ТЕМІР ЖОЛДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАНҒАН ТҮЗЕТУ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ.

Марат ШАКЕНОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры



№93 (2910)  
07/11/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ЛОГИСТИКА ДЕМОНСТРИРУЕТ РОСТ

Объем перевозок грузов железнодорожным транспортом в январе – октябре текущего года вырос на 2,1 миллиона тонн к уровню прошлого года и составил 213,8 миллиона тонн.

Айлин БАУРЖАН,  
Астана

За 10 месяцев 2023 года железнодорожным транспортом перевезено свыше 138 миллионов тонн. Экспорт вырос на 7,1%, до 75,7 миллиона тонн. Так, погрузено свыше 87,3 миллиона тонн каменного угля. В том числе внутри республики – 61,2.

Зерна перевезено 9,5 миллиона тонн. Экспорт вырос на 29% и составил 7,7 миллиона тонн. Внутри страны перевезено 1,7 миллиона тонн, что больше к аналогичному показателю прошлого года на 4%.

Погрузка продуктов перемола за 10 месяцев текущего года выросла на 4%, до 2,5 миллиона тонн. При этом на экспорт отгружено 1,9 миллиона тонн.



Основными рынками сбыта казахстанского зерна и продуктов перемола остаются страны Центральной Азии, Афганистан, Иран, Россия и КНР. За 10 месяцев перевозка зерна в Узбекистан выросла на 24%, Таджикистан – на 9%, Туркменистан – на 78%, Россию – на 56%. В два раза увеличилась погрузка зерна в Кыргызстан, в три раза – в КНР. Экспорт продуктов перемола в Узбекистан вырос на 5%, Кыргызстан – на 67%, Китай – на 79%.

За отчетный период улучшилась погрузка химических удобрений на 5%, железной руды – на 5,6%, строительных грузов – на 6%. По республике в 10 раз увеличилась погрузка строительных грузов.

В октябре погрузка составила 23 миллиона тонн, что на 6% больше, чем за аналогичный период прошлого года. Так, каменного угля – 9,7 миллиона тонн. В том числе в республиканском сообщении – 6,8, на экспорт – 2,8.

Погрузка зерна нового урожая составила свыше 900 тысяч тонн.

В прошедшем месяце сохранился рост отправки по железной дороге черных металлов на 4%, железной руды – на 30%, цветной руды – на 9%, строительных грузов – на 25%.

Эксплуатационный грузооборот с начала года вырос на 7,2% и составил 224,2 миллиарда тонно-километров нетто.

Фото Александра ЖАБЧУКА

### ЭКСПОРТТЫ АРТТЫРМАҚ



Астанада өткен түркі елдері басшыларының кезекті басқосуы аясында Қазақстан Премьер-министрі Әлихан Смайылов пен Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбан экономиканың түрлі салаларындағы ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады.

Тараптар энергетика саласындағы өзара іс-қимылдың өзекті бағыттарын, атап айтқанда жаңартылатын көздерді дамытуды, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру, сондай-ақ транзиттік-көлік саласындағы, оның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағытын Трансевропалық көлік желісімен байланыстыру жөніндегі қадамдарды, тағысын тағы мәселелерді сөз етті.

Мажарстан – Қазақстанның Еуропалық Одақтағы маңызды сауда-экономикалық серіктесі. Өткен жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 24%-ға артып, 172 млн долларға жеткен.

«Біз тауар айналымын одан әрі арттыру үшін айтарлықтай әлеует бар екенін көріп отырмыз. Қазақстандық өнімнің Мажарстанға экспортын 95 тауарлық позиция бойынша шамамен \$700 млн-ға арттыруға дайынбыз», – деп атап өтті Үкімет басшысы Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, инвестициялық ынтымақтастық бағытында жаңа мүмкіндіктер ашылууда. Мажарстан 2005 жылдан бері Қазақстанға \$330 млн шамасында тікелей инвестиция салған. Тек 2021-2022 жылдары шамамен \$75 млн-ға жуық инвестиция тартылған. Бұл барлық инвестицияның жалпы көлемінің шамамен ширек бөлігін құрап отыр.

Ислам ТАЛҒАТ



Танырберген КУСАИНОВ,  
заместитель генерального директора по производству АО «Қазтеміртранс».

## Жоба

### ҚАУІПСІЗДІК САҚШЫЛАРЫ СЕРТИФИКАТ АЛДЫ

Өткен жұма күні «Қауіпсіздік сақшылары» корпоративтік бағдарламасының қатысушылары үш күндік оқу курсынан сәтті аяқтап, біліктілігін арттырғаны туралы сертификат алды. Бұл жоба «ҚТЖ» ҰК» АҚ қозғалыс қауіпсіздігі ревизорларына алғаш рет ұйымдастырылып отыр.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Екі ағыннан тұратын оқу бағдарламасының бірінші бөлігіне ел өңірлерінен локомотив, вагон, қозғалыс шаруашылығының 40 ревизоры қатысты. Сондай-ақ екі ревизор көрші Қырғыз темір жолының біліктілігін көтеруге арнайы келді. Ревизорларға дәріс оқыған тренерлердің бірі Ресей темір жолдарының корпоративтік университетінің Технологияларды оқыту және бизнесті трансформациялау орталығының оқытушысы Гребнев Добрин, жалпы қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға қатысты негізгі мәселелер екі ел темір

жолына да ортақ екенін айтады.

– Ресей темір жолы бүгінде даму үстінде, уақыт талабына сай сандық жүйелер, жаңа технологиялар енгізіліп жатыр. Мұндай даму үдерісі Қазақ темір жолында да жүріп жатыр. Біздің университеттің жетекшісі атап өткендей, екі ел темір жолын «ағайынды» десек болады. Бұл сөздің растығына, бүгінгі дәріс барысында өзім де көз жеткіздім, – деген ресейлік қатысушылар кәсіби маман болумен қатар өте ашық, коммуникативті болғанын, дұрыс талдау жасап, негізгі мәселелерге тереңнен үңіле білгенін жеткізді.

Біз оқу бағдарламасына қатысушыларды да сөзге тартып, бағдарлама

туралы ой-пікірлерін білген едік.

– «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі жаттықтырушыларының дәрісінен бөлек, Алматыдағы көлік және коммуникация академиясының, сондай-ақ ресейлік оқу орнының тәжірибелі оқытушыларының лекциясын тыңдау мүмкіндігіне ие болдық. Маңызды мағлұматтар алып жатырмыз, әсіресе күнделікті жұмыс барысында қауіптің алдын алуға бағытталған жақсы дүниелер айтылып, тәжірибелермен бөлісіп жатыр. Тағы бір атап өтерілі, біздің қызметіміз тікелей теміржол саласы еңбеккерлерімен байланысты, яғни бетпе-бет сөйлесіп, кездесіп жатамыз.

(Жалғасы 2-бетте)

## ОРИЕНТИР – НА УДОБСТВО И БЕЗОПАСНОСТЬ

В Ташкенте в рамках Международного транспортного форума ШОС прошла 12-я встреча министров транспорта Организации экономического сотрудничества.

Жаслан РАХИМОВ,  
Ташкент

В ходе заседания были рассмотрены вопросы расширения сотрудничества в области торговли и транспортных коммуникаций, развития и эффективного использования существующих в регионе и создания новых транспортных коридоров.

Кроме того, были приняты важные решения, в том числе подписан итоговый документ – Ташкентская декларация. Так, генеральный секретарь ОЭС Хусрав Нозир в своем выступлении отметил, что единственным путем решения проблем в сфере транспорта и логистики государств – членов ШОС является конструктивное общение и сотрудничество, основанное на уважении интересов каждой стороны.

– По итогам встреч подписаны исторические документы

по развитию альтернативных транспортных коридоров. В частности, министры транспорта Узбекистана, России и Казахстана подписали документ о развитии грузовых перевозок в транспортном коридоре, обеспечивающем доступ в страны Южной Азии через Афганистан. Странами-участницами одобрено предложение о придании Самаркандскому аэропорту статуса авиационного хаба ОЭС, – сообщил Хусрав Нозир.

В свою очередь вице-министр транспорта РК Талгат Ластаев провел двустороннюю встречу с заместителем министра транспорта КНР Ли Ян. Участники встречи обсудили вопросы реализации соглашений о сотрудничестве по ТМТМ, подписанных в октябре 2023 года при участии глав государств, а также соглашения между правительствами государств – членов ШОС о создании благоприятных условий



для прямых международных автомобильных перевозок от 2014 года.

Также заместители министров обсудили вопросы строительства участка автодороги Алашанькоу – Достык на нейтральной территории (от пункта пропуска до государственной границы) и третьего железнодорожного перехода между Казахстаном и Китаем в районе автомобильного пункта пропуска Бахты – Тачен.

В частности, Талгат Ластаев подчеркнул, что Казахстаном начата работа по строительству новой железнодорожной линии от станции Аягз до станции Бахты, а также определены направления дальнейшего взаимодействия в рамках достигнутых договоренностей по итогам встреч глав государств.

На сегодня объем транзита грузов через территорию Казахстана вырос до 35 миллионов тонн.

Кроме того, генеральный директор Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Ерлан Абсатов и председатель AIRCUZ Санжар Пулатов подписали меморандум о сотрудничестве между Союзом транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» и Ассоциацией международных автомобильных перевозчиков Узбекистана (AIRCUSU). Данный меморандум направлен на сотрудничество в целях содействия развитию на долгосрочной основе транспорта и инфраструктуры, логистического потенциала Центральноазиатских наземных торговых-транспортных коридоров и маршрутов.

Фото автора

С НАЧАЛА ТЕКУЩЕГО ГОДА ОТРЕМОНТИРОВАНО 10,6 ТЫСЯЧИ ГРУЗОВЫХ ВАГОНОВ СОБСТВЕННОСТИ АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС». ТЕХНИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ ВАГОННОГО ПАРКА, НАХОДЯЩЕГОСЯ В ЭКСПЛУАТАЦИИ, ОПРЕДЕЛЯЕТСЯ НАДЕЖНОСТЬЮ ВАГОНОВ, КАЧЕСТВОМ ПЛАНОВЫХ ВИДОВ РЕМОНТА И ДРУГИМИ ХАРАКТЕРИСТИКАМИ.

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ОН АЙ ІШІНДЕ ТЕМІР ЖОЛ АРҚЫЛЫ

9,4 МЛН ТОННА

АСТЫҚ ТАСЫМАЛДАНҒАН.

БИЫЛ «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ-НЫҢ ПАРКІНДЕГІ

10 000

ВАГОН ЖӨНДЕУДЕН ӨТКЕН.

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ ҮШ ТОҚСАНЫНДА ДОСТЫҚ – АЛАШАҢҚАЙ ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІ АРҚЫЛЫ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ

11,8 МЛН ТОННАНЫ

ҚҰРАДЫ.

### СЕРВИС ВОСТРЕБОВАН



За 10 месяцев 2023 года более 157 тысяч пассажиров приобрели железнодорожные билеты благодаря сервису «Лист ожидания» на сайте [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz).

Услуга «Лист ожидания» позволяет пассажиру при отсутствии билета в продаже встать в очередь не ранее чем за семь дней и не позднее двух часов до отправления поезда. При появлении свободных мест пассажир получает информацию о необходимости выкупа мест в личном кабинете, а также через СМС-уведомление.

Воспользоваться услугой совершенно бесплатно можно на сайте [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz), а также в билетной кассе.

За 10 месяцев 2023 года благодаря сервису «Лист ожидания» более 150 тысяч пассажиров выкупили билеты на сайте [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz). Всего же было предложено свыше 453 тысяч освобожденных мест.

Справочную информацию по графику движения пассажирских поездов можно получить по бесплатному номеру 1433 и Telegram-боту KTZN\_PP\_BOT.

Любовь РОББА

### 50 ВАГОНМЕН ТОЛЬҚТЫ



«Қазтеміртранс» АҚ жүк вагондарының паркі 50 су жаңа отандық ашық вагонмен толықты.

Екібастұздағы Қазақстандық вагон жасау компаниясының өндіріс алаңында дайындалған вагондар барлық заманауи талаптарға жауап береді, қажетті техникалық сипаттамаларға ие. Жүк көтергіштігі 70 тоннаны құрайды және Кеден одағы үлгісінің сәйкестік сертификаты бар.

«Қазтеміртранс» АҚ бас директорының орынбасары Тәңірберген Қасымовтың айтуынша, бұл вагондар әлеуметтік маңызы бар жүктерді, атап айтқанда құрылыс материалдары, көмір, астық, т.т. жүктерді тасымалдауға жұмылдырылмақ.

«Қазтеміртранс» АҚ жүк вагондары паркі кезең-кезеңімен жаңаруда. Компания соңғы он жыл ішінде 25 мыңнан астам вагон сатып алған. 2025 жылға дейін тағы 3 мыңға жуық жүк вагонын сатып алу жоспарлануда.

Нұрбек БЕКЕН

## БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС және «Үрімші темір жолы» ЖШС өкілдерінің Қазақстан және Қытай теміржол өткелдері арқылы пойыздардың кедергісіз қабылданып және берілуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша бейнеконференция форматында кездесуі өтті.



Қазақстандық делегацияны бас директордың маркетинг және жоспарлау жөніндегі орынбасары Нұржан Келбұғанов, қытайлық делегацияны халықаралық көлік департаменті басшысының орынбасары Бай Лу басқарды. Келіссөздер қазақстандық және қытайлық ірі жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылардың қатысуымен өтті. Тараптар биылғы 10 айда екі ел теміржолшыларының бірлескен күш-жігері мен үйлесімді жұмысының арқасында тасымалдау көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22%-ға артып, рекордтық деңгейге жетіп, 23,6 млн тонна құрағанын атап өтті. Оның ішінде Қазақстан Республикасынан ҚХР-ға 14,5 млн тонна жүк тасымалданып, өсім 32% құраса, кері – 9,1 млн тонна жүк қабылданып, биылғы көрсеткіш 8% артқан.

Сонымен қатар Темір жолдар арасындағы ынтымақтастық ұйымының (ТЖБҰ) 2023 жылға арналған отырысында келісілген 26,1 миллион тонна жоспар желтоқсан айының басында мерзімінен бұрын аяқталды деп күтілуде. Жалпы алғанда, жыл сайынғы тасымалдау көлемі 26,8 млн тоннаны құрайды.

2024 жылға арналған жүк тасымалдау көлемі 27,8 млн тонна жүк деңгейінде жоспарланған, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1 млн тоннаға артық болмақ.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ІС-ҚИМЫЛДАРЫН ПЫСЫҚТАДЫ

**Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,**  
Белкөл



Белкөл станциясында «Теміржол-2023» облыстық деңгейдегі кешенді оқу-жаттығу өткізілді.

«Теміржол көлігімен қатты әсер ететін улы заттарды тасымалдау кезіндегі қауіпті жүктердің төгілуіне байланысты туындаған төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылға азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің басқару органдарын, күштер мен құралдарын дайындау» деген тақырыпта өткен жаттығуға Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының міндетін атқарушы Нұрбол Бақтияр, Қызылорда ЖТ бөлімшесінің бас инженері Құлхан Белкібаев, Магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Берік Бейжанов бастаған станциядағы барлық салалық құрылым мен жеке жаттығу құрамы қатысты.



Сценарий желісі бойынша Алматы-Белкөл учаскесінде келе жатқан авариялық цистернасы бар жүк пойызының тежегіш магистраліндегі қысымның төмендеуінен вагон-цистерна рельстен шығып кетіп, ақшыл-сары сұйықтық аға бастайды. Дабыл сиренасы берілген бойда вагон-цистерна жанында улы заттың төгілуінен құлап жатқан екі адамды жедел жәрдем дәрігерлері залалсыз аумақтағы жәрдем көлігіне алып келіп алғашқы көмек көрсетті. Осы кезде Рысбек Шадаев басқаратын Қызылорда өрт сөндіру пойызының жұмысшылары өрт сөндіру шлангасын цистернаға қарай тартып, сулы көбік шашуға кірісті. Қысымды сулы көбікті бірнеше жерден шашу арқылы цистерна көбікпен көмкеріліп, химиялық зат төгілген аумақ залалсыздандырылды.

ӨТЖК жасақтары залалды аумақты шеңбер жасап қоршап, оқшаулап тұрды, ал вагон қараушылар, электрмен жабдықтаушылар, сигнал берушілер мен станция теміржолшылары тапсырманың толық орындалуына атсалысты. Қауіптің беті қайтқан кезде Берік Әбжаппаров басқаратын Қызылорда қалпына келтіру пойызының авариялық құрамы цистернаны көтергіш кранның көмегімен рельске көтеріп қойды.

Облыстағы авариялық құтқару, төтенше жағдайға қатысты құрылымдық мекемелерден жаттығуға 8 техника, 2 пойыз, 93 адам жұмылдырылды, оның ішінде 49-ы аймақ теміржолшылары. Іс-қимылдың бәрі тиісті деңгейде жасалды. Берілген уақыт ішінде қауіптің алдын алып, улы заттың таралуын залалсыздандырып, аумақ оқшауланды. Теміржолшылар облыстағы құрылымдық органдардың авариялық жеке құрамдарымен бірлесіп өз тапсырмаларын сауатты орындай білді, – деді бас инженер Құлхан Белкібаев.

*Суретті түсірген автор*

## ҚАУІПСІЗДІК САҚШЫЛАРЫ СЕРТИФИКАТ АЛДЫ

(Соңы. Басы 1 бетте)

Міне, осы жағдайларда кәсіби маман ретінде өзінді ұстау, тыңдата білу, сөйлесу және іс-әрекетте этиканы сақтау, жанжалды басқару, кедергілерді жою сынды шеберлік сабақтарын алдық.

Бұл да маңызды нәрсе. Мәселен, кейде өңірлік чатта ревизорлар бірдене білмей тұрса, сұрауға қымсынып жатады, үлкендер жағы жастар алдында өздерін «төмендетпейі» деп, ал жастар керісінше, тәжірибелі ағаларының алдында «сөз естіп қалмайын немесе білімсіз болып көрінбейін» дегендей. Ал шын мәнінде мұндай кедергілер болмау керек. Шыны керек, қазір сандық жүйе дендеп еніп, заманауи технологиялар кірігіп жатқан заманда тәжірибелі ревизорлардың бұл жаңашылықтан тәжірибесі аз, ал жастардың білімі озық болуы мүмкін ғой. Білмеген айып емес, сұрамаған айып. Сондықтан ревизорлар бірінің білмегенін екіншісі толықтырып, ой-пікір бөлісіп, тәжірибе алмаспай жатса, қауіп-қатердің алдын алу мүмкін болмақ. Адамдармен



қарым-қатынаста да ашық және жабық сұрақтар қою жағын талқылады. Жабық сұрақ «иә» және «жоқ» деген екі жауаппен шектеледі. Ал ашық сұрақ екі жауаппен шектеліп қалмай, оның түп-тамырына дейін қазбалап, себеп-салдарын білуге тырысады. Мысалы, сен дәрігерге бардың ба деген сұрақ болса, иә немесе жоқ деген жауап болуы мүмкін. Бұл жабық сұрақ. Ал ашық сұрақта қандай дәрігерге бардың, не себептен, нәтижесінде не болды деген сияқты талдаулар жасалады. Міне, мұның бәрі

келешекте қателіктерге жол бермеуге, қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтардың алдын алуға негіз болмақ, деді Қуандық Әбілғазин, Ақтөбе өңірінің ревизоры.

– Астана қаласында қозғалыс қауіпсіздігі ревизорларына арналған оқу бағдарламасында біліктілігімізді көтеру бағытына ие болдық. Осындай мүмкіндікті ұсынған «Қазақстан темір жолы» компаниясының басшылығына үлкен алғыс айтамын. Өте тәжірибелі оқытушы-тренерлердің, Компанияның білікті мамандарының дәрістерін тыңдап, шеберлік

сабақтарын алдық. Мен өзімді өз ісінің білгірімін деп есептейтінмін. Үш күндік курста әлі де білім-біліктілігімізді жетілдіре түсу керектігін түсіндім. Жұмыс барысында мән бере бермейтін көп мәселе бар екен. Қазақстандық әріптестерімнен үйренерім көп. ҚТЖ-да цифрландыру мықтап енгізіліп жатыр, бізден оқ бойы озық, Қозғалыс қауіпсіздігі ревизорларының жұмысы ҚТЖ басшылығы тарапынан жоғары деңгейде бақыланады екен, мұны қойып, сізге мынаны айтайын, ревизорлар сайты қоғамға да ашық, кез келген жұмысшы немесе азамат, ол теміржолшы болмауы да мүмкін, қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін кемшілік немесе қауіп-қатерді байқап қалса, тікелей сайтқа жазба қалдыра алады. Бұл керемет әдістемені елге барған соң қырғыз темір жолына енгізуді қолға алмақпын, – деп әсерімен бөлісті Қырғыз темір жолы бас ревизорының орынбасары Алыгулов Токтогулбек.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Жуырда өңірде «ҚТЖ» ҰК» АҚ «ҚТЖ – Жүк тасымалы» Орталық аппараты жанынан құрылған комиссия тексеру жүргізіп, бірқатар кемшілікті анықтады.

**Қосым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Бас директоры Владимир Петровтың төрағалығымен өткен қорытынды жиналыста мәлім болғанындай, Атырау қосалқы бөлімі мен магистральдық желі бөлімшесі бойынша барлығы 221 бұзушылық анықталса, соның 67-сі еңбек қорғауға қатысты. Станция басшылары стандартты емес жағдайларда станция кезекшілерінің әрекетіне жеткілікті түрде бақылау жасамайды, пойыздық және техникалық құжаттамаларды толтыруда кемшіліктер жіберіледі, техникалық сабақтар сапасы төмен, т.т. пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда және технологиялық процестерді орындауда кемшіліктер бар. Соның әсерінен жылдамдықты шектеп, жолды ағымдағы күтіп-ұстау бойынша 2 тыйым салу шарасы алынды. Қыста қармен күрес, қарды тежейтін шарбақтарды жөндеу, жолдың жоғарғы қабатын тазалау бағытында да сын-ескертпелер бар. Сондықтан жол шаруашылығы бойынша жұмысшылар өз

міндеттеріне аса жауапкершілікпен қарауы қажет.

Жолды күтіп-ұстау бойынша жетістік те бар. НЖС-13 бойынша 9 айда балдық жоспар 118% орындалған, 100 шақырым жол күрделі жөндеуден өтіп, 37 жиынтық жаңа темірбетон бағыттамалы бұрма ауыстырылған. 25 шақырым жолға орташа жөндеу өтіп, 32 жиынтық бағыттамалы бұрма ауыстырылған. Сонымен қатар кейбір жерлерде темірбетонды шпалдарды сынып қалуына байланысты алмастыру қажет. Мәселен, Мұқыр-Жантөрек, Кенбай-Жамансор учаскелері аралығында күрделі жөндеу кезінде салынған бетон шпалдар жарылып, олар дистанция жұмысшыларының күшімен ағаш шпалмен алмастырылып, бұл жерлерде жылдамдық Тальгоға 70, жолаушы пойызына 60, жүк пойызына 50 шақырым белгіленген.

ШЧ-8, ШЧ-9, ШЧ-11 белгі беру және байланыс дистанцияларында СОБ, КТСМ құрылғыларына қызмет көрсету, технологиялық процесс кестесін орындау үшін автокөлік паркін жаңарту қажет. 30-40 жылғы әбден ескірген көліктер жүр, 2008 жылдан бері



жаңа автотехника мүлдем келмеген. Ал электрмен жабдықтау дистанциясы бойынша Ганюшкин, Афанасьев станцияларында қосалқы электр станцияларды күрделі жөндеуден өткізіп, ПСО кабельдерін 49 жылға шыдайтын АС-35-ке алмастыру қажеттігі ескерілді. Жұмысшыларға жағдай жасау бағытында барлық станцияларда, вагон және локомотив деполарында ескірген жиһаздарды жаңарту, сүтпен қамтамасыз етуде бірқатар сын-ескертпелер айтылды. Ал бөлімше қысқы-жазғы арнайы киім және жеке қорғаныс құралдарымен 100% қамтылған. Комиссия бақылау-тексеру қорытындысы бойынша «қанағаттанарлық» деп бағалап, Атырау қосалқы бөлімі мен магистральдық желі бөлімшесінің шаруашылықтары мен кадрлық құрамы қысқы мерзімде жұмыс жасауға дайын деген қорытындыға келді.

*Суретті түсірген автор*

## ШАР ДЕПОСЫ: ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЖАҢА ДЕНГЕЙІ



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Тарихқа көз салсақ, Шар станциясының іргетасы 1928 жылы қаланған екен. Ал 1935 жылы құрылысы аяқталған паровоз депосы іске қосылып, аймақ теміржолы үшін елеулі кезең басталады. Қарқынды еңбекке толы жылдар мол жетістікке негіз болып, уақыт ағымына сәйкес тартым күшінің талай түрі пайда болып, өндіріс аясы да кеңейе береді. Шар өңірінде пайда болған еңбек династиялары қатарында локомотившілер де мол болды.

«Елу жылда ел жаңа» демекші, қазіргі таңда білікті басшы Жұмабек Бейсенов басқаратын Шар локомотив жөндеу депосының тәуелсіздік жылдары қол жеткізген табысы тіптен толағай. Әсіресе сервистік-техникалық қызмет көрсетудің заманауи үлгілерін өндіріске енгізуде зор нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Айта кетерлігі, Шар депосы 2013 жылдан бастап СКДбе және ТЭМКЗ локомотивтеріне сервистік қызмет көрсету орталығы болып саналады. Соңғы он жылдың өзінде өндірісті өркендетуде үлкен жетістікке жеткен. Айталық, бүгінде Шар локомотив жөндеу депосында локомотивтердің қос доңғалағын жөндеу ісі кең көлемде жүргізіледі. Ерек

Ел шығысындағы іргелі кәсіпорын «Қамқор Локомотив» ЖШС филиалы Шар локомотив жөндеу депосы – бүгінде сервистік қызметтің жаңа сатысына көтеріліп отырған облыстық өндіріс ошағы.



шелігі сол, өңірдегі жалғыз цех Алматы, Аягөз, Өскемен, Матай, Екібастұз локомотив деполарына тұрақты түрде қызмет көрсетеді. Өндірістегі негізгі міндеті – барлық теміржол техникаларын және қар тазалағыш машиналарын күрделі жөндеуден өткізу. Мәселен, соңғы жылдары еліміздің барлық зауыт-фабрикаларымен кен орындарының ТЭМ-2, ТЭМ-3 сынды маневрлік тепловоздарын да бастан-аяқ қайта жөндеп шыққан.

– Шар локомотив жөндеу депосының басты қызметтік ұстанымы – өндіріске заманауи жаңашыл тәсілдерді енгізу. Міне, осы орайда 2013 жылдың наурыз айынан бастап америкалық «Транспортейшн Глоубэл ЭЛ-ЭЛ-СИ» компаниясымен бірлесіп жаңа «Эволюшн» сериялы тепловоздардың қос доңғалағын жөндеуді күллі Қазақстан бойынша алғаш болып игерді, – дейді бұл орайда

кәсіпорын басшысы Жұмабек Рамазанұлы.

Сол тәрізді «Эволюшн» тепловоздарының доңғалақ жұптарын бөлшектеп, зауыттық деңгейдегі қалпына келтіріп жөндеудің күрделі де тиімді тәсілін ең алғаш рет Шар теміржолшылары өндіріске енгізген болатын. Яғни өнертапқыштық ұсыныстар бойынша да республика көлемінде алда келеді.

Бүгінде жөндеу депосында 150 жұмысшы абыроймен еңбек етуде. Жалпы саны бес цех пен бір өндірістік телім қызмет көрсетуде. Ұжым бірнеше жыл қатарынан «Қамқор Менеджмент» ЖШС тепловоз жөндеу деполары арасында «Үздік кәсіпорын» атағына ие болып келеді. Ал өткен жылы облыстың өндірістік аймағы саналатын Жарма өңірі бойынша «2022 жылдың үздік ұйымы» атағына ие болды. Бір бұл емес, ағымдағы жылдың бірінші

тоқсанында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау саласында қол жеткізген жетістіктері үшін «Алтын каска – 2023» дипломымен марапатталды. Мұндай жетістіктер қатарына басқа да көп мысал келтіруге болады. Мұнда өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса көңіл бөліп отырған цех басшыларының, ауысмы шеберлерінің, сондай-ақ әр жұмысшының қосып жатқан үлесі зор екені анық.

Жуырда Шар станциясына ат басын бұрған Семей ЖТ бөлімшесінің директоры міндетін атқарушы Алмас Сейсемжанов байырғы кәсіпорында болып, өндіріс барысымен танысты. Сонымен қатар мекемедегі алғашқы СКДбе 2073 сериялы маневрлік тепловозға бесінші сервистік қызмет көрсету циклы бойынша күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталуына куә болып, салтанатты шараға қатысты.

Бұл жобаның негізгі тапсырыс берушісі – «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ. Биылғы жылдың соңына дейін тағы екі тепловозға жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарлануда. Алмас Ғылымұлы аймақтағы бірегей кәсіпорын қызметіне табыс пен өркендеу тіледі.

Тепловоздарға күрделі жөндеу жүргізудің сан түрін меңгеріп, сервистік қызметтің тағы бір биігін бағындырып отырған байырғы депоның берекелі тірлігі бүгінде міне осындай.

*Суретті түсірген автор*

## РАССКАЗАЛИ, ОБУЧИЛИ, ВДОХНОВИЛИ



ОСМОТР

**Марьяна ПЕРВУШИНА,**  
Илецк

Учебно-показательный комиссионный месячный осмотр сооружений, устройств, стрелочных переводов в границах станции Илецк проведен в целях укрепления знаний и технологической дисциплины работников, деятельность которых связана с движением поездов. В нем приняли участие работники структурных подразделений Илецкой дистанции пути (ПЧ-3), Илецкой дистанции сигнализации и связи (ПЧ-6), станции Илецк (ДС), ПТО Илецк и Илецкого линейно-эксплуатационного участка электроснабжения и электрификации (ЭЧО).

Основными задачами КМО являются проверка состояния путевого хозяйства, устройств СЦБ и связи, электроснабжения и вагонного хозяйства. КМО на станции проводится с 1-го по 10-е число каждого месяца, выявленные неисправности записываются в журнале ДУ-46 в соответствии с приказом № 971-ЦЗ от 24.12.2018 года, – рассказал в начале меропри-

**На станции Илецк прошел учебно-показательный комиссионный месячный осмотр, в котором приняли участие руководители и специалисты подразделений Илецкого железнодорожного узла и филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк».**



ятия главный специалист по безопасности движения Еркин Джумагазиев.

Главный инженер ПЧ-3 Асылбек Бертаев на примере стрелки № 7, находящейся в нечетной горловине станции, показал на практике возможные несоответствия стрелочного перевода, рассказал о критериях браковки шпал, содержания балласта. Мастер производственного обучения ПЧ-3 Малик Альмуханов показал алгоритм осмотра стрелочных переводов с промером по шаблону и уровню.

О необходимости качественного и своевременного устранения выявленных при КМО несоответствий рассказал начальник ПЧ-6 Сансызбай Кадыргулов. Электромеханик СЦБ Абат Джарлагасов продемонстрировал внутреннее состояние электропривода с переводом стрелки, пояснил допустимые нормы в содержании электропривода (люфты, зазоры), произвел перевод стрелок курбелем, а Кайрат Есетов наглядно показал, как производится измерение параметров рельсовой цепи. При проведении

показательного комиссионного месячного осмотра стрелочного перевода № 7 отступлений от норм не выявлено.

Участники КМО наблюдали за подачей вагонов на сортировочную полугорку, роспуском составов на тормозные позиции, посетили рабочие места маневрового диспетчера и дежурного по горке, наблюдали за работой этих специалистов.

По окончании мероприятия для лучшего закрепления материала участников КМО проверили на знание Приказа № 971-ЦЗ, согласно которому и проводятся комиссионные месячные осмотры. По итогам опроса были отмечены лучшие работники: старший электромеханик ПЧ-6 Абат Джарлагасов, занявший 1-е место, на втором месте – дежурный по станции Илецк Аман Аульбаев, старший электромеханик станции Акбулак (ПЧ-6) Айткалей Таханов – на третьем месте.

